

# Тақырып

## *Корпорацияның айналымнан тыс активтерін басқару*

1. Ұзақ мерзімді активтердің мәні мен мағынасы;
2. Амортизация, оны есептеу және негізгі капиталды жаңартудағы ролі;
3. Корпорацияның инвестициялық ісінің қаржылық аспектілері.

# 1 - Сұрақ

Корпорация активтері бір-неше сипаттары бойынша әртараптандырылады, ал өндірістік процессте қатысу сипаты бойынша екі түрге бөлінеді:

1. айналым;
2. айналымнан тыс.

Кәсіпорынның айналымнан тыс активтері – қолдану мерзімі 12 айдан, немесе егер бір операциялық циклдың ұзақтылығы 1 жылдан асатын активтер.

Қаржы менеджментінің позициясынан айналымнан тыс активтерді әртараптандыру келесі негізгі сипаттар арқылы жүзеге асырылады:

а) Функциональды түрлер бойынша қаржылық есеп пен басқаруда:

1) Негізгі құралдар, яғни өндірістік процессте бір неше рет қатысып, өз құнын дайын өнімге ауыстырады. Есеп тәжірибесінде оларға бір жылдан артық қолданыста болатын және құны азаматтардың салық салынбайтын 15 минималды пайдаларының құрайтын еңбек құралдары жатады.

2) Материалдық емес активтер, яғни материалдық пішіні жоқ, кәсіпорынның шаруашылық істерінің барлық түрлерін қамтитын айналымнан тыс активтер жатады.

3) Аяқталмаған капиталды салымдар, яғни негізгі құралдардың объектілерін салып монтаждауға құрылыстың басынан аяғына дейін кеткен шығындардың нақты көлемі.

4) Монтаждауға арналған жабдық (ғимараттарда монтаждау арқылы орнатуға арналған жабдық)

5) Ұзақмерзімді қаржылай салымдар, яғни кәсіпорынмен инвестициялау мақсатымен құнына қарамастан қолдану мерзімі бір жылдан астам сатып алынған қаржылық құралдар.

б) Кәсіпорынның іс-әрекеттерінің кейбір түрлеріне қызмет ету сипатына байланысты :

- 1) Операциондық іс-әрекетке қызмет ететін айналымнан тыс активтер (операциондық айналымнан тыс активтер) – негізгі құралдар мен материалдық емес активтер.
- 2) Инвестициялық іске қызмет ететін активтер (инвестициялық айналымнан тыс активтер) – аяқталмаған капиталды салымдар, монтажға арналған жабдық және ұзақмерзімді қаржылай салымдар.
- 3) Персоналдың әлеуметтік тұтыншылықтарын қамтитын айналымнан тыс активтер – өндірістік емес айналымнан тыс активтер (спорттық ғимараттар, мектеп алды және балалар мекемелері).

в) Ие болу сипатына байланысты:

1) Өзіндік айналымнан тыс активтер;

2) Жалға алынатын айналымнан тыс активтер.

г) Несиені кепілмен қамту және сақтандыруға байланысты :

1) Жылжымалы айналымнан тыс активтер.

2) Жылжымайтын айналымнан тыс активтер.

# Кәсіпорынның таза активтерінің құны

*- компанияның кез келген меншігі:  
машина мен жабдық, ғимарат, босалқы  
қор, банк салымдары мен бағалы  
қағаздарға жұмсалған инвестициялар,  
патенттер, кәсіпорынның материалдық  
және бейматериалдық құндылықтарын  
олардың құрамы мен орналасуы  
тұрғысынан көрсететін бухгалтерлік  
теңгерім бөлігі, теңгерімнің кейбір  
түрлерінде кірістің шығыстан асып  
түсуі*



2- сұрақ (есеп түрінде)

## 3 – сұрақ

Кәсіпорынның қаржы ресурстары ағымдағы шығындар қаржыландырумен инвестицияға жіберіледі.

**Инвестиция** - деп белгіленген активтерді (негізгі капиталды) сатып алуға жұмсалатын шығындар. Олар келесі мәселелерді шешуге көмек көрсетеді:

1. қаржы және материалдық босалқы қорларға жинау арқылы өз кәсіпкерлік жұмысын кеңейту;
2. жаңа кәсіпорын сатып алу;
3. бизнестің жаңа облыстарында жұмыс істеу нәтижесіндегі әртараптандыру;

Әлемдік практикада инвестиция келесі түрлерге бөлінеді:

- венчурлік (тәуекелділік);
- тікелей;
- портфельдік (қоржындық);
- Аннуитет.

- **Венчурлік инвестиция** деп активтерді, құнды қағаздарға, тәуекел деңгейі жоғары кәсіпорынға салынатын инвестиция.
- **Тікелей инвестиция** – кәсіпорынның өндірістік және өндірістік емес негізгі қорларын көбейтуге жіберілетін салыи.
- **Қоржындық инвестиция** – нақты активтерде салынатын инвестициялардан ерекшеленетін акция және мемлекеттік облигациялар түріндегі инвестициялар.

- **Аннуитет** – салушыға белгілі бір мерзім сайын анықталған пайда әкелетін инвестиция. Мұнда негізінен сақтандыру және зейнетақы қорларына салынған ресурстар жатады.

Инвестиция жұмысының субъектілеріне инвестор, жұмысты орындаушылар, инвестиция жұмысының объектілерін пайдаланушылар және басқа заңды тұлғалар жатады. Жеке тұлғалар, мемлекет пен халықаралық ұйымдар, шетел заңды және жеке тұлғалары да бола алады.

Инвестиция жұмысының объектілеріне келесілер жатады:

- экономиканың барлық салаларындағы жаңа құрылып жатқан және жаңартылып жатқан негізгі қорлар;
- құнды қағаздар;
- мақсатты ақша салымдары;
- ғылыми – техникалық өнім және т.б. меншік;
- мүлік құқығы және интеллектуалды меншік құқығы.



Инвестициялық субъектілер қаржы салымдарының практикалық іске асыруы жүзеге асырылатын инвестициялық сферада жұмыс атқарады.

Инвестиция сфера құрамына келесілер жатады:

- капиталды құрылыс сферасы;
- инвестициялық сфера;

- қаржы капиталы айналатын сфера (әр түрлі пішіндегі ақша, қарыз және қаржы міндеттемелер).

Мемлекеттік инвестициялық стратегиясы келесіден тұрады:

- құнсыздандуды басу және кәсіпорын мен халықтың инвестициялық жұмысын дамыту;

- бюджеттік дефицитті азайту, оны негізінде құнсыздану емес қайнар көздер арқылы жабу, ішкі қаржы ағымдарын инвестиция мен өндіріске жіберу;
- инвесторлар мен акционерлердің құқықтарын толығымен қорғау;
- бюджеттік қаржыландыруды тиімді жұмыс істейтін кәсіпорынға аудару;

- Инвестициялық комплексінің мемлекеттік қолдауы қайтарылатын және төлем негізінде берілетін несие арқылы жүргізіледі;
- инвестициялық проектілерді мемлекет – коммерциялық қаржыландыру практикасын кеңейту.